

## Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жанындағы Республикалық астық инспекциясын қайта құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 17 наурыз N 251.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.03.02. N 342 қаулысымен. ~P000342

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жанындағы Республикалық астық инспекциясы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің жанындағы шаруашылық жүргізу құқындағы " Республикалық астық сараптамасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны ( бұдан әрі - Кәсіпорын) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы:

астық пен оны қайта өңдеу өнімдерінің сапасы мен сақталуын сараптауды;  
белгіленген тәртіппен сертификаттар беру арқылы астық пен оны қайта өңдеу өнімдерінің сапасын сертификаттық сынақтан өткізуді;

жаңа астық бидайының сапасын бағалау және оны ұтымды пайдалану жөнінде ұсынымдар дайындауды жүзеге асыру болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі уәкілетті мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы орган болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бір айлық мерзім ішінде:

Кәсіпорынның Жарғысын бекітсін, оның басшысымен келісім-шарт жасассын

және белгіленген тәртіппен Кәсіпорынды мемлекеттік тіркеуді жүргізсін;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізсін.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 P960790\_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат)

мынадай толықтыру енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 44-1- жолмен толықтырылсын:

"44-1. "Республикалық астық сараптамасы"

республикалық мемлекеттік кәсіпорны

(шаруашылық жүргізу құқығында)".

Астана қаласы."

6. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулы оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы

17 наурыздағы N 251

қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған

кейбір шешімдерінің тізбесі

1) "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы республикалық астық инспекциясы жөніндегі Ережені бекіту туралы

" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 30 маусымдағы N 900

қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 22, 258-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 сәуірдегі N 3928 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 шілдедегі N 651 P980651\_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1998 ж., N 22, 190-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың

8-тармағы;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күшін жойған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 тамыздағы N 1031

P961031\_

қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1996 ж., N 35, 327-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 49-тармағы.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.